

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1807. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі туралы беріліп отырған Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2 . < * >

3 . < * >

4 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-4-тармақтарының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.18. N 1 5 4 7 қ а у л ы с ы м е н .

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің қарауында беріліп отырған тізбеге сәйкес (2 қосымша) ұйымдар қалатыны ескерілсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылданған Үкімет шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөніндегі шешімнің жобасын енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары өздерінің ведомстволық актілерін осы қаулыға сәйкес келтіретін болсын.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші беріліп отырған тізбеге сәйкес (3 қосымша) жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1995 жылғы 19 желтоқсандағы

N 1 8 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі (Экономмині) бірыңғай мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыратын атқарушы өкімет жүйесіндегі үйлестіруші салааралық орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің басты міндеті Қазақстан Республикасының болашаққа арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының бағдарламаларын, жоспарлары мен болжамдарын жасау болып т а б ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің міндеті

4. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің негізгі міндеттері: республикадағы экономикалық жағдайға, отандық еңбек нарықтарының, капитал мен тауарлардың жай-күйіне талдау жасайды, реформаның барысына б а ғ а б е р е д і ;

тиісті кезең ішіндегі экономиканың жағдайы туралы баяндамалар дайындайды , экономика құрылымындағы сәйкессіздікті анықтайды, оларды жою жолдарын б е л г і л е й д і ;

экономиканы дамытудағы кешенді бағдарламаларды әзірлеуде және индикативті жоспарларды дамытуда ұйымдық-әдістемелік басшылық жасайды және министрліктер мен ведомстволармен бірлесіп, оларды іске асырады;

мемлекеттік бюджетті қалыптастыру кезінде қолданылатын республиканың макроэкономикалық болжамының дамуын әзірлеуді ұйымдастырады және үйлестіреді, республикалық бюджетті қалыптастыруға қатысады;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірге мемлекеттің жиынтықты қаржылық балансын, үкіметтің салық-бюджет саясатының экономикалық негізін әзірлейді, салық салу жүйесін жетілдіру, бюджеттік қаржылардың шығындалуы бағыттары, республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара әрекеттерінің тетіктері жөніндегілерді қоса алғанда ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Ұлттық Банкімен және басқа да министрліктер мен ведомстволармен бірге қаржы, ақша-несие,

валюта-несие және ішкі сауда саясатының бағыттары бойынша ұсыныстар дайындайды;

реттеу тетіктерін әзірлеуге және қаржы нарығының дамыған инфрақұрылымын жасауға қатысады;

мемлекеттік баға саясатын әзірлеуге және жүргізуге қатысады; республиканың төлем балансын әзірлеуді және болжамдауды үйлестіреді, оның құрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар дайындайды;

Қазақстанның халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдарының қызметіне, Қазақстанның халықаралық одақтар мен бірлестіктердің қызметіне қатысуы жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, шетелдермен өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысуына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанар бағытын қалыптастырады және іске асырады;

мемлекеттің экономикалық саясаттағы құрылымдық басымдықтарын, қаржыландыру көздерін және құрылымдық реформалардың тетіктерін анықтайды;

мемлекеттің инвестициялық және инновациялық саясатты және инвестициялық белсенділікті ынталандыру жөніндегі шаралар әзірлеуді ұйымдастырады және үйлестіреді;

жалпы ұлттық және әлеуметтік мәні бар неғұрлым маңызды инвестициялық жобаларға баға береді және іріктейді, оларды қаржыландыру нобайы бойынша ұсыныстар дайындайды;

шетелдік инвестицияларды, сыртқы техникалық және қаржылай көмегін тарту мен пайдалану саясатын әзірлейді және басым бағыттарын анықтайды, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Ұлттық Банкісімен бірге сыртқы қарыздар

көлемінің лимитіне талдау жасайды және анықтайды;

халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдармен жасалған келісімдерді, меморандумдарды және басқа бағдарламалық құжаттарды іске асыруды дайындау және бақылау жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың сыртқы техникалық және қаржылық көмегіне сұранымына талдау жүргізіледі және оларды пайдалану бағыттарын анықтайды;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысы мен экономиканың жұмылдырушы жоспарының орындалу көлемін қалыптастырады, құрылымын анықтайды және бақылауды қамтамасыз етеді;

мемлекеттік конверсиялық саясатты әзірлеуді және жүзеге асыруды үйлестіреді;

шет елдермен және әскери блоктармен әскери-экономикалық ынтымақтастық

шараларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;
қорғаныс тапсырысы мен мемлекеттік жұмылдырушы резервтерді қоса алғанда, мемлекеттік мұқтаждарда қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

кәсіпорындардың қаржылық жай-күйіне тұрақты түрде талдау жасайды, оларды қайта құру бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

институционалдық реформалар саласында мемлекеттік саясатты белгілеуге, мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және монополиялық қызметті шектеу бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру, санациялау және банкрот деп жариялау жөніндегі саясатты әзірлеуге қатысады;

аймақтардағы экономикалық жағдайларға талдау жасайды, аймақтық экономикалық саясатты әзірлеуді және жүзеге асыруды ұйымдастырады. өндіргіш күштерді орналастыру стратегиясын қалыптастырады, аймақтар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық өзара іс-қимылын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

арнайы экономикалық аймақтарды құру мен олардың жұмыс істеуінің жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысады;

мемлекеттік әлеуметтік саясатты қалыптастыру, еңбек ресурстарын тиімді дамыту және пайдалану, қосымша жұмыс орындарын жасау, әлеуметтік бәсекелестік, еңбек ақы төлеуді реттеу, еңбектің қажеттілігін күшейту жұмыстарын үйлестіреді;

кәсіпкерлікті қолдаудың кіші және орта бизнесті дамытудың мемлекеттік саясаты бойынша ұсыныстар әзірлейді;

кәсіпкерлікті қолдаудың ұлттық бағдарламаларын әзірлеуді және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және үйлестіреді;

тауарлы нарықтағы сұранымдар мен ұсыныстарды зерттеу, табиғи ресурстарды және ресурстарды сақтау жөніндегі экономикалық тетіктерді жасау жұмыстарын үйлестіреді;

атқарушы өкімет органдарының құрымылын және өзара іс-қимылдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындайды, қаржы-экономикалық міндеттерді, атқарушы өкімет органдарының өкілдігін айқындайтын мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге құжаттарды әзірлейді;

III. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің құқықтары

5. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігіне жүктелген міндеттерді орындау үшін министрлікке мынадай құқықтар беріледі:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыры аясында атқарушы

өкімет органдарының, кәсіпорындарының, мекемелер мен ұйымдардың міндетті түрде орындауына жататын нормативтік актілерді шығарады, қажет болған жағдайда шешімдер Экономминімен бірлесіп немесе басқа атқарушы өкімет органдарының келісімі бойынша қабылданады;

атқарушы өкімет органдарынан, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден белгіленген тәртіп бойынша министрліктің құзырына жататын мәселелерді шешу үшін қажетті материалдарды талап етеді және алады;

әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және министрліктің құзырына жататын мәселелер бойынша атқарушы өкімет органдарының жұмысын үй л е с т і р е д і ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша халықаралық деңгейде Қазақстанның мүддесін білдіреді, шетелдік мемлекеттермен халықаралық экономикалық одақтармен және бірлестіктермен сауда-экономикалық келісімдерді дайындауға және жасауға, халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдардың, шетелдік мемлекеттермен экономикалық ынтымақ жөніндегі үкіметаралық комиссияның қазақстандық бөлігінің қызметіне қатысады;

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналып, министрлікке бөлінген қаржылар шеңберінде маңызды ғылыми-қаржы экономикалық жұмыстардың тізбесін анықтайды, министрліктің құзырына жататын мәселелерді әзірлеу үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы жүйесінің ғылыми мекемелерін, басқа да ғылыми зерттеу мекемелерін, кәсіпорындарды, сондай-ақ жекелеген ғалымдар мен мамандарды осы мақсаттарға бағытталған қаржы ресурстарын бөлуге қатысуға тартады.

Өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен басқа да атқарушы өкімет органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары мен мамандарын тарта отырып, кеңестер шақырады.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі облыстық, қалалық және аудандық экономика басқармаларының қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырады. Облыстық және Алматы қаласының экономика басқармаларының бастықтарын тиісті әкімдердің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрі тағайындайды.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі министрліктің бөлімшелері мен оған бағынышты ұйымдардың орындауына міндетті болатын бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

IV. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан

Республикасының Президенті тағайындайтын және босататын Министр б а с қ а р а д ы .

Қазақстан Республикасының Экономика министрінің оның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлуді Министр ж ү р г і з е д і .

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуына жеке өзі жауап береді, Министрдің орынбасарларының және министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімдері басшыларының министрлік қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық жасау жауапкершілігінің деңгейін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Экономика министрі:

өзінің құзыры аясында министрліктің барлық бөлімдерінің орындауына міндетті болатын бұйрықтар, нұскамалар шығарады және нұсқаулар береді;

орталық аппараттың штаттық кестесін, министрліктің бөлімдері туралы ережелерді, сондай-ақ министрліктің орталық аппаратын ұстау үшін тиісті кезеңге сәйкес бекітілген қаржы шеңберінде шығындар сметасын бекітеді;

министрліктің орталық аппаратының және бөлімдерінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да құқықтарға ие болады.

10. Экономминінің орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын және еңбекақы қорын қоса алғанда, оны ұстауға арналған қаржы көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

11. Мемлекеттік, аймақтық және салалық экономикалық мәселелерді талқылау және шешу үшін Қазақстан Республикасының Экономминінде төралқа құрылады, оның құрамына Министр (төралқа төрағасы) және лауазымы бойынша оның орынбасарлары, министрліктің басшы қ ы з м е т к е р л е р і к і р е д і .

Төралқа құрамына басқа министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, ғалымдар және мамандар енуі мүмкін.

Министрліктің төралқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

Төралқаның шешімі Министрдің бұйрығымен немесе төралқасының ресми хаттамасымен жүзеге асырылады.

Төралқа мәжілісіне қажетті жағдайларда талқыланатын мәселелерге тікелей қатысы бар мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары, ғалымдар мен мамандар қатысады.

12. Экономикалық проблемаларды шешу үшін Экономика министрі келісім

бойынша министрліктердің, ведомстволардың, басқа да мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өкілдерін тарта отырып, тұрақты жұмыс істейтін кеңестер, комиссиялар және уақытша жұмыс топтарының құрамы алады.

13. Министрліктің банкте есеп айырысу және бюджеттік есеп шоты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдеріндегі өзінің атауы жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 1807 қаулысына

1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі
орталық аппаратының құрылымы**

Басшылық

Талдау және макроэкономикалық болжамдар жөніндегі бас басқарма

Сыртқы экономикалық саясат және төлем балансы жөніндегі бас
басқарма

Құрылым және инвестиция саясаты жөніндегі бас басқарма

Микроэкономикалық саясаты жөніндегі бас басқарма

Аймақтық саясат және реформаларды камтамасыз етудің
ұйымдық-орындаушы бас басқармасы

Қаржыны бағдарлау басқармасы

Шағын және орта бизнесті дамыту, инфрақұрылым нарығы басқармасы

Қорғаныс кешені экономикасының басқармасы

Тауар нарықтарын дамыту басқармасы

Әлеуметтік саясат және кадр әлеуеті басқармасы

Ақпарат жүйелерін және технологиялық даму экономикасын дамыту
басқармасы

Экономикалық қауіпсіздік және жұмылдыру бағдарламалары басқармасы

Заң бөлімі

Іс басқармасы

Бірінші бөлім

Кадр жұмысы бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 19 желтоқсандағы
N 1807 қаулысына
2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің
қарауында қалатын ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Экономикалық зерттеулер институты
"Алмабек" балалар сауықтыру орталығы
"Айнабұлақ" демалыс үйі
Жөндеу-құрылыс басқармасы

N 252, 291, 351 балалар бақшасы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 19 желтоқсандағы

N 1807 қаулысына

3 қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ**

"Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 наурыздағы N
200 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 14, 169-бап).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы басшы
қызметкерлер мен мамандардың мамандығын арттырудың республикалық
салааралық институтының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1236 қаулысының 4-
тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 48, 586-бап).

"Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі орталық аппаратының
құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1994
жылғы 8 желтоқсандағы N 1396 қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне өзгертулер мен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6
ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
шешіміне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 16-тармағы (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап).